

3. <https://infourok.ru/> Білім берудегі жаңа технологияларды тиімді пайдалану жолдары.
4. Байрханова С. Тарих пәнінде АКТ қолданудың тиімділігі //Хабаршы. – Алматы: Қазақ университеті. – №3, 2009. – Б. 11-14.
5. RCDO.KZ . Қазақстан тарихы пәнін оқытуда заманауи әдістерді қолдану.

## **ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫС ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАУ ДАҒДЫЛАРЫН БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

**Аманкулова М.Б.**

Алматы облысы, Қонаев қаласы, Қ.Жалайыр атындағы №6 орта мектептің  
тарих пәні мұғалімі

Қазіргі таңдағы білім беру үдерісі білім алушының шығармашылықпен өзіндік дамуы, өзіндік оқуы және өздігінен жұмыс істеуімен қатар жүретін әлемдік интеграциялық технологиясына жаһандану жағдайында жүріп жатыр. Еліміздегі ғылыми-техникалық жанару мен даму, қоғам өмірінің барлық салаларындағы өзгерістер адамның интеллектуалдық күш-жігерін, саналы іс-әрекеті мен ізденімпаздығын, танымдық ой-өрісінің белсенділігі мен іс-әрекетін шығармашылық сипатта жүзеге асыруды талап етеді. Ғылымның барлық саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі ғылымтехникалық прогресс кезінде, бұл міндеттердің жүзеге асуы оқыту процесінде білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін оңтайлы ұйымдастыру мен оны тиімді бағалауға тікелей байланысты. Себебі, білім алушылардың өзіндік жұмыстарын арнайы ұйымдастыру және бағалау жұмысы оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады [Андасова Б.З., 2007, 02 с.]. Осы орайда оқытушының әрбір өтілетін сабағы қазіргі кездегі заман талабына сәйкес оқыту талаптарына сай болып келуі қажет. Демек, жастарды еңбектің қай саласында да, білім алуда да тек мәлімет жиынтығын меңгеруімен шектелмей, білім алушылардың өзіндік іс-әрекетін тиімді ұйымдастыра отырып, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын тұлға етіп даярлау қажет болып отыр.

Өзіндік жұмыс – бұл білім алушының дидактикалық тапсырмаларды өзінше орындауға, танымдық әрекеттерге қызғушылығының қалыптасуына және нақты бір ғылым саласында білім жинақтауына бағытталған оқу әрекетінің ерекше түрі. Өзіндік жұмыс білім алушылардың шығармашылық қабілеті мен біліктерін дамытуда олардың барысында тиімді, әрі өнімді еңбек етуіне мол мүмкіндіктер жасайды. Өзіндік жұмысты оңтайлы ұйымдастыру және оларды дұрыс бағалау елеулі практикалық міндет және маңызды ғылыми проблема болып табылады. Өзіндік тапсырмаларды орындау барысында білім алушыдан белсенді ойлау талап етілді. Осының нәтижесінде білім алушы өздігінен бақылауды үйренеді, олар да тапсырылған істі орындаудағы жауапкершілік сезім, еңбексүйгіштік, табандылық, ұйымшылдық, бір – бірімен деген жолдастық көмек қалыптасады [Демеуов

А.Ш., 2007, 239 б.]. Өзіндік жұмыстың негізгі мақсаты – білім алушылардың танымдық міндеттерін қалыптастыру, шығармашылық қабілеттері мен қызығушылығын жетілдіру, білімге құштарлығын ояту. Білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын қызығушылықпен орындауы тікелей бағалау жүйесіне байланысты. Дұрыс бағалау әдістемелерін қолдану арқылы білім алушылардың оқуға деген ынтасын, қызығушылығын жоғалтпаймыз. Сол себепті білім алушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындау дағдыларын бағалауда оқытушы бағалаудың өзіндік критерийлерін, өлшемдерін, көрсеткіштерін құрастыруы шарт. Өзіндік жұмыс тапсырмаларын бағалаудың тигізер әсерін келесі көрсеткіштер арқылы анықтасақ болады:

- ◆ оқушының өзіндік іс-әрекетке тұрақты қызығушылығының болуы;
- ◆ оқу үдерісіне белсенді араласуы;
- ◆ танымдық ақпараттарды қызыға қабылдауы және оны қажетсінуі;
- ◆ білімін өз бетінше жаңартып, толықтырып отыруы;
- ◆ танымдық тапсырмаларды іріктеуі;
- ◆ өзіндік жұмыс тапсырмаларын мақсаты мен міндетіне сәйкестеп жоспар құруы;

- ◆ тапсырманы орындаудың кезеңдерін жасап, соған сәйкес әрекеттер жасауы;

- ◆ жоспар мазмұнын нақтылау арқылы жетілдіруі;
- ◆ жұмыс барысындағы кедергілерді болжауы;
- ◆ оқу-танымдық біліктерді ұтымды пайдалануы;
- ◆ жұмыс нәтижесін талдай алуы және өзіндік баға беруі;
- ◆ шығармашылыққа ұмтылуы;
- ◆ кәсіби ахуалға бейімделуі және ұжымдық іс-әрекет тәсілдерін меңгеруі.

Сонымен қатар, оқушылардың өзіндік жұмыс тапсырмаларын бағалауда мынадай өлшемдерді бөліп көрсетсек болады:

1. іргелі және кәсіби білімдерінің болуы;
2. өзіндік оқу іс-әрекеті тәсілдерін игеруі;
3. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда оны жоспарлай алу білігінің болуы;
4. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауды ұйымдастыра білуі;
5. ұйымдастыру амал-тәсілдерін білуі және оны жаңа жағдайда пайдалануы;
6. өзіндік жұмыс тапсырмаларын орындауда оны алдын ала болжау, нәтижесін елестету және маңыздылығына сын баға бере алуы [www.cpm.kz].

Өз бетінше жұмыс жасау әрекетінің нәтижесінде оқушының бойында мынадай қасиеттер қалыптасады:

1. Өз бетінше ойлау біліктері мен ізденімпаздылығы.
2. Оқуға деген қабілеттілігінің артуы.
3. Берілген білімді игеру.
4. Жеңілден қиынға қарай қиналмай өтуі.
5. Рухани байлығы молаяды.

6. Өз ойының дербестігі байқалады.

Мұғалімнің бақылауымен оқушы:

– Алған білімді қолдану, оларды толықтыру, кеңейту дағдысын қалыптастырады;

– Мұғалім білім алушының психофизиологиялық және академиялық үлгерімін ескере отырып, өз бетімен жұмыс жасауға бағыт-бағдар беріп, олардың дербестігінің дамуына мүмкіндік жасайды.

– Оқушы бірлесекен іс-әрекет барысында мұғалім – оның уақытын тиімді пайдалануға беретін түсіндірмелі-иллюстративті (схема, таблица, тезис, т.б.) материалдарды қолдануды үйрету, қажетті әдебиетті іздеу жолдарын көрсету;

– Өзіндік белсенділігін, дербестігін дамыту үшін проблемалық баяндау, шығармашылық ізденіс әдістерін қолданған дұрыс.

– Мұғалім оқушыға жеке тапсырма таңдауға (курстық жұмыс, реферат, ғылыми баяндама, үлгі сабақ жоспарын құруға) көмектеседі.

– Әдебиеттермен қамтамасыз болуға, олармен жұмыс жасай білуге;

– тиімді әдіс-тәсілдер, тапсырма орындау жолдарын қолдана білуге үйретеді;

Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайларда өмір сүруге дайын болып қана қоймай, сонымен қатар оны жүзеге асыруға, жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Мұндай тұлғаға қойылатын бірінші кезектегі нақты талаптар – шығармашылық, белсенділік, жауаптылық, терең білімділік, кәсіби сауаттылық. Бұл талаптарды жүзеге асыру үшін оқушы білімін бағалауда мүлдем жаңа бағытта жұмыс істеу қажеттілігі туындайды [Асанов Н , 2011, 163 б.].

Осы қажеттілікті шешу жолдарының бірден– бір жолы оқушы білімін критериалды бағалау жүйесі бойынша сараптау. Критериалды бағалау жүйесінде ең маңызды нәрсе – оқу процесінің өзі, сол арқылы оқушы өзін-өзі бағалауды үйреніп, өз білімінің артықшылықтары мен кемшіліктерін көріп, әрі қарай қалай даму керектігін түсінеді, яғни бұл жүйеде оқушының қалай жұмыс жасағаны, қалай ойланғаны бағаланады. Бағалауды өткізу үшін, оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын анықтау қажет. Бағалау – оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: оқуды бағалау және оқу үшін бағалау. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді [Карманова К.М, 2011, 129 б.] Критериалды бағалау – бұл білім берудің мақсаты мен мазмұнына негізделген оқушының оқутанымдық құзырлығын қалыптастыруда алдын-ала белгіленген жетістіктермен салыстыру үрдісі. Критериалды бағалау жүйесінде қолданылатын терминдер

• Критерий – оқу мақсатының нақты тұжырымы

- Рубрикатор - оқушылардың әрбір критерий бойынша жетістіктерінің толық түсіндірмесі

- Дескриптор - нақты ұпайдың жетістік деңгейі

- Қалыптастырушы бағалар оқушы өзінің жетістіктері немесе біліміндегі олқылықтар туралы ақпарат алатын кері байланыстың функциясын атқаратын ағымдағы бағалар

- ◊ (Суммативті) Негізгі бағалар - тарау немесе модуль бойынша

- ◊ бақылау жұмысына қойылатын бағалар

- ◊ Қорытынды бағалар - Негізгі бағалар негізінде қойылатын бағалар

Сабақта қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізу – жиынтық бағалаудың нәтижелі, сапалы болуының баспалдағы. Жиынтық бағалау тоқсан соңындағы оқушы білімінің жетістігін саралайтын жұмыс, ендеше осы жұмыстың бастауы негізі қалыптастырушы бағалауда қаланады. Бүгінгі таңда оқушы білімін критериалды жүйе бойынша бағалаудың өміршеңдігі мен ұтымдылығы дәлелденіп отыр [6]. Критериалды бағалау міндеттері

- ▶ Сабақтың әр бөлігіндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға

- ▶ Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті

- ▶ Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға

- ▶ Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға

- ▶ Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға

Критериалды бағалаудың пайдасы:

- ◆ нақтылық

- ◆ әділдік

- ◆ белсенділік

- ◆ ынталандыру

- ◆ жеке

А. Байтұрсынов: «Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Ғылым да, тіл де, табиғат та дамиды. Осындай дамуды, өзгерісті басынан өткеретін күрделі кұбылыста – тіл» деп жазған. Жеке тұлға тәрбиелеуде тіл құзыреттілігінің маңызы ерекше. Әлеуметтік топтарда, қоғамдық түрлі әлеуметтік орындарда тұлғалармен қарым-қатынас жасауды және әрекет етуді қамтамасыз ететін ана тілін және басқа тілдерді меңгеру – заман талабы. Білім алушының тіл құзыреттілігін жетілдіруге критериалды бағалау жүйесінің ықпалы өте зор. Қазіргі заманда дамытудың нақты, бағытты, жүйеленген әдістемелері жасалып, психологиялық қолайлы жағдайлар тудырып отырса, кез келген ерекше қабілетті білім алушы дарынды білім алушыға айнала алады. Ал дарынды ұрпақ – елдің ертеңі екенін, оқушы жастан белсенді азаматтық позициясымен ерекшеленетін бала қоғамымыздың ертеңгі интеллектуалдық потенциалы, зияткерлік тобы екенін үнемі есімізден шығармайық.

У. Джеймс: «Адамзат табиғатының терең қасиеттерінің бірі адамдардың өз дәрежесінде бағалауына деген құштарлық болып табылады» [<http://nblib.library.kz/elib/>].

Қорытындылай келе, өзіндік жұмыс – шығармашылық жұмыстың бастамасы. Сол себепті де оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, олардың өз бетіндік әрекетінсіз дамыту мүмкін емес. Соның негізінде ғана тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз. Критериалды бағалау жүйесін қолдану арқылы біз оқушының тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттаймыз, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, тұлғалы нәтижеге, бағытқа жеткіземіз, білім алушылардың дайындық деңгейі мен өсу динамикасын кез келген кезеңде анықтаймыз, әртүрлі жұмыстардан алған бағаларды дифференциалдауға қол жеткіземіз. Бүгінгі оқушының білім сапасын критериалды бағалау жүйесі арқылы жетілдіруге болатынына күнделікті оқу үдерісінде қолдануымыздан көз жеткізуге болады [Оқу-әдістемелік құрал, 2016]. Білім алушының өзіндік жұмысы – оның білімінің тереңдігі, дағдылары мен біліктілігіне, білім меңгеруіне ықпал ететін оқу процесінің ең негізгі элементтерінің бірі. Өзіндік жұмысты орындау арқылы білім алушы оқу процесінің белсенді мүшесі бола отырып, өз ойын еркін, сондай-ақ, нақты дәлелдермен жеткізе алатын дағдыларды үйренеді және меңгереді.

#### **ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмысын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары. – Астана, 2007.
2. Демеуов А.Ш. Қазіргі кезеңде жоғары оқу орындары білім алушылардың өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың ғылыми-практикалық негіздері. – Түркістан, 2007.
3. [www.cpm.kz](http://www.cpm.kz) Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
4. Асанов Н. Өзіндік жұмыстардың ерекшеліктері. Алматы, 2004 ж.
5. Карманова К.М. «Қалыптастырушы бағалаудың оқуға ықпалы Алматы, 2011 ж.
6. Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.
7. <http://nblib.library.kz/elib/Sait/NauBibUKAZ/> Ұлытұлғалар.-формат. 2-версия/Vaitursynov
8. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық. Астана, 2016, оқу-әдістемелік құрал Касымова Айжан Тойбековна